

**Екінші деңгейдегі банктердің банктің тұрған жерінен тыс жерлердегі есеп айырысу-кассалық бөлімдері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 444 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 197 (V043034) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң актілеріне сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің банктің тұрған жерінен тыс жерлердегі есеп айырысу-кассалық бөлімдері туралы" ереже жөнінде" 1997 жылғы 29 тамыздағы N 311 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктің тұрған жерінен тыс жерлердегі есеп айырысу-кассалық бөлімдері туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.К.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 29 тамыздағы N 311 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктің тұрған жерінен тыс жерлердегі есеп айырысу-кассалық бөлімдері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 29 тамыздағы N 311 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктің тұрған жерінен тыс жерлердегі есеп айырысу-кассалық бөлімдері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

*Төрағасы*

Қазақстан Республикасының  
 Ұлттық Банкі Басқармасының  
 1999 жылғы 25 желтоқсандағы  
 N 444 қаулысымен  
 бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының  
 1997 жылғы 29 тамыздағы N 311 қаулысымен бекітілген  
 Екінші деңгейдегі банктердің банктің тұрған жерінен тыс  
 жерлердегі есеп айырысу-кассалық бөлімдері туралы ережеге  
 өзгерістер мен толықтырулар**

1. Ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерін (жинақ кассаларын) құру, жұмыс істеу және жабу тәртібі туралы ереже".

2. Ереженің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің есеп айырысу-касса бөлімдерін (жинақ кассаларын) құру, жұмыс істеу және жабу тәртібін анықтайды".

3. "Осы Ереже" сөздері қазақша мәтін бойынша өзгермейді.

4. 1-бөлім мынадай редакцияда жазылсын: "1-тарау. Жалпы ережелер".

5. 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "Банктің есеп айырысу-касса бөлімі (жинақ кассасы) (бұдан әрі - есеп айырысу-касса бөлімі) - Ұлттық Банктің келісімі негізінде құрылған, заңды тұлға болып табылмайтын, не осы Ережеге сәйкес және банк берген сенімхат негізінде Қазақстан Республикасының аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын филиал не өкілдік мәртебесі жоқ екінші деңгейдегі банктің ерекшеленген аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі - банк)".

6. 3-тармақтың 2 азатжолындағы "Әділет органдары" деген сөздер "Әділет министрлігінің органдары" деп жазылсын.

7. 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "Есеп айырысу-кассалық бөлім банктің өзі орналасқан немесе оның филиалы бар жердегі әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде ғана құрылады".

8. II бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "2-тарау. Есеп айырысу-касса бөлімдері орындайтын банк операцияларының негізгі түрлері және олардың жұмысын ұйымдастыру тәртібі".

## 9 . б - т а р м а қ т ы ң :

1) 2-азатжолындағы "қабылдауға," деген сөзден кейін "беруге," деген сөзбен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Есеп айырысу-касса бөлімі аударым операциялары шеңберінде заңды және жеке тұлғалардаң ақша қабылдап алып, бұдан кейін оны осы тұлғалардың банктік есепшотына есептеу үшін банкке не оның филиалына аударуға құқылы".

Есеп айырысу-касса бөлімі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізген кезде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының валюталық заңдарының талаптары ескеріле отырып, банктің есеп айырысу-касса бөлімі Ұлттық Банктің филиалында айырбастау пункті ретінде тіркелуі керек".

10. 8-тармақтағы "ашуға" деген сөзден кейін ", сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік есепшоттарын ашуға және жүргізуге" деген сөздермен толықтырылсын.

11. III бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "3-тарау. " Есеп-айырысу-касса бөлімін ашу және жабу тәртібі".

12. 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "Банк есеп-айырысу-кассалық бөлімнің қаржы жағдайы тұрақты болса, есеп-айырысу-касса бөлімін ашу туралы өтініш берілген күнге дейін үш ай бойы пруденциалдық нормативтерді және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді, сондай-ақ банктің жарғылық және меншікті капиталдарының ең аз мөлшеріне қатысты Ұлттық Банк белгілеген талаптарды сақтаса, Ұлттық Банкке есеп айырысу-касса бөлімін ашуға келісім беру туралы өтініш беруге құқылы".

## 13 . 11 - т а р м а қ т ы ң :

1) 2-азатжолындағы "банк басқармасы" деген сөздер "банктің Директорлар кеңесі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 4-азатжолындағы "облыстық басқармасының" деген сөздер "аумақтық филиалының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-тармақтың 5-азатжолы алынып тасталсын.

14. IV бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "4-тарау. Есеп айырысу-кассалық бөлімді тіркеуді ресімдеу және олардың ашылуына берілген келісімді есепке алу".

15. V бөлім мынадай редакцияда жазылсын: "5-тарау. Қорытынды ережелер".

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

